КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылы 21 қыркүйек №7119-23-00-2/10282 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. Сафарбеков Арлен Бауржанулы тұлғасындағы «Ghost» ЖК
2. Камчыбеков Максатбек Батырбекович тұлғасындағы «Камчибеков» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК жауапкерлер Сафарбеков Арлен Бауржанулы тұлғасындағы «Ghost» ЖК, Камчыбеков Максатбек Батырбекович тұлғасындағы «Камчибеков» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Сафарбеков Арлен Бауржанулы тұлғасындағы «Ghost» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Сафарбеков Арлен Бауржанулы тұлғасындағы «Ghost» ЖК-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Камчыбеков Максатбек Батырбекович тұлғасындағы «Камчибеков» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Камчыбеков Максатбек Батырбекович тұлғасындағы «Камчибеков» ЖК-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 21.09.2023

Заңды күшінде емес. Жарияланған күні: 30.10.2023 Сулы Ғаушова А. Ч. 15.11.2023

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 21.09.2023